

## Қаракемер мектеп-балабақшасының 2022-2023 оқу жылында 9-сыныпта жүргізілген тәрбие жұмысының жылдық талдауы

2022-2023 жылы 9-сыныпқа барлығы 5 оқушы, соның ішінде 2 ер бала, 3 қыз бала қабылданды. **Көп балалы отбасылар: 2** (Алпысбаева Ақерке, Мұханбетқали Гүлдана), **толық емес отбасылар: 1** (Таңжарбай Аңсар)

Жаңа оқу жыл басында оқушылардың мектепке материалдық жағынан дайындығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасалынды.

Тәрбие бағыты бойынша 2022-2023 оқу жылының тәрбие сағаттарының жоспары бекітілді. 9-сынып бойынша жыл басынан бері көптеген тәрбие сағаттары, сыныптан тыс жұмыстар өткізілді. Соның ішінде, қыркүйек айының басынан мектепшілік бақылау негізінде сынып белсенділерін сайлады. «Бала құқығы» атты дөңгелек үстел, «Отбасы-тәрбие бастауы», «Тілім менің – ғасырлардан аманат» атты эссе байқауы, сынып сағаттары өткізілді. Қазан айы бойынша «Қауіпсіз интернет әлемі» атты тәрбие сағаты өткізіліп, интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік берілді.



Қараша айында «Мамандық таңдап үлгердіңіз бе?» атты дөңгелек үстелде оқушылардың мамандық таңдауда қателеспеу керек екендігі, мамандығың – өз қалауың жөнінде дөңгелек үстел, «Нашақорлық тұйыққа апарар жол!» атты тәрбие сағаттары өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Желтоқсан айында «Тәуелсіздік – тұғырым!» атты тәрбие сағат өткізілді.



Қаңтар айы бойынша «Көше күтпеген жағдайларға толы», «Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы» атты тәрбие сағаттары, мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Ақпан айында «Бала тәрбиесі басынан, еңбекке баулу жасынан» атты тәрбие сағаты, «Ұл ұятымен, қыз қылығымен ардақты» атты дөңгелек үстел, «Ұлттық өнер – ұлттық қазына», «Алғыс айту – парызым!» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

Наурыз айында да оқушылар өз белсенділіктерін танытып, «Наурыз – жыл басы», «Ана – гүл, ана – жыр, ана – өмір шуағы» атты аналар мерекесінде өз бейнеқұттықтауларын жолдап, ізге тілектерін білдірді.



Сәуір, мамыр айларында «Құқықтық сауаттылық – заман талабы», «Ер – елдің қорғаны», «Жеке гигиена – денсаулық тазалығы», «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік», «Ұшқыны ұлы Жеңістің...», «Білімді ұрпақ – іргелі елдің кепілі» атты тәрбие сағаттары, дөңгелек үстел, пікірталас өткізілді. Оқушылар белсенділіктерін танытып, жаңа ақпараттармен таныс болды.



Аудандық сайыстарда да сынып оқушылары білімдерін көрсетіп, «Алғыс хат» иеленді, спорттық сайыстарда да өз бақтарын сынады. Сонымен бірге мектепшілік «Менің анам – алтын!» атты аналар мен қыздар сайысында сынып атынан Алпысбаева Ақерке мен анасы Гүлсім апай шығып, «Өнерлі жұп» номинациясын жеңіп алды. Тек бұл ғана емес, мектепшілік сурет байқауларына да қатысады, ұйымдастырушылық қабілеттерін де көрсете білді. Оқушылар бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында үйірме жұмыстарында да белсенділік танытты:

«Дебат» үйірмесі	Волейбол үйірмесі
3	4

Қысқы, көктемгі демалыс кезінде де «Қар қызы», «Уақыт машинасы» атты кітаптар оқып, білімдерін шыңдады.



### Тәрбие бағыты бойынша өткізілген тәрбие сағаттары:

Тәрбие бағыттары	Өтілген тәрбие сағаттарының саны
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	5
Рухани – танымдық тәрбие	4
Ұлттық тәрбие	6
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	7
Отбасылық тәрбие	1
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	4
Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	6
Зияткерлік және ақпараттық мәдениет тәрбиесі	3

Тәрбие бағыттары бойынша барлық сынып сағаттары өткізілді.

#### Ата-аналармен жұмыс

Жыл басынан бері үш рет ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналар да өз белсенділіктерін танытып, қалмай қатысып келеді, балаларының тәрбиелік ерекшеліктерімен таныс деп айта аламын. Ата-аналар ішінде де мектеп жұмыстарына ерекше белсенділік танытатын ата-аналар да біршама.



Сынып жетекші: А.Е.Жеңісова